

## Өзара ынтымақтастық туралы

### МЕМОРАНДУМ

«14» 07 2017 ж.

Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облыстық соты атынан облыстық соттың төрағасы Әкетай Мұратғали Абрарұлы және Ақтөбе облыстық адвокаттар алқасы атынан төралқа төрайымы Якубенко Раиса Ивановна, әрі қарай «Тараптар» деп атанып, «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңын, «Адвокаттық қызмет туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс -қимыл туралы» заңдарын, Судья әдеби Кодексін, Адвокаттардың кәсіби әдеби Кодексін басшылыққа ала отырып, өз құзырлары шегінде, өзара ынтымақтастық туралы осы Меморандумға (әрі қарай - Меморандум) қол қойды:

#### 1 бап

Меморандумның мақсаты азаматтық, қылмыстық және әкімшілік сот өндірісінің қағидаларын сақтау, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғау; дауларды (жанжалдарды) сот алды және соттан тыс реттеу институттарын жан-жақты дамыту және белсенді енгізу бойынша өзара қимылдарды нығайту; сот ісін жүргізуінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріндегі ынтымақтастық болып табылады.

#### 2 бап

Тараптар, азаматтық қоғамның тұрақтылығын қамтамасыз ету, жоғары кәсіби деңгейдегі заң көмегін көрсету, қолжетімді, әділ сот төрелігін өзара құрметтеу жағдайда жүзеге асыру қажеттігін мойындай отырып, төмендегі негізгі бағыттарда ынтымақтасып отырып:

##### 1) сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы:

- судьялар мен адвокаттардың процессуалды емес байланысу фактілерін болдырмаудың алдын алу;
- бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Интернетте және әлеуметтік желілерде жағымсыз және шындыққа жатпайтын соттар қызметі, судьялар және адвокаттар туралы ақпараттарды таратпау;
- сот өндірісіндегі қаралып жатқан істер бойынша соттың жүйесі, қызметі жөнінде жариялы түрде баға беруден бас тарту;
- заңды күшіне енбеген сот актілеріне негізсіз сын және түсіндірмелер, пікір айтудан бас тарту;
- соттар мен адвокатура арасында ақпараттарды электронды тәсілімен алмасу мүмкіндігін қарастыру жолымен жүзеге асыру;

**2) судьялар және адвокаттардың жоғары кәсіби қауымдастығын құру:**

- бірлескен оқыту семинарларын, дөңгелек үстелдерін және өзге де өзекті мәселелерді анықтау және талқылау мақсатында іс-шараларды өткізу;

**3) дауларды (жанжалдарды) сот алды және соттан тыс реттеу институттарын дамыту және белсенді енгізу мәселелерінде өзара іс-қимылдар жасау:**

- дауларды бірлесе отырып бұқаралық ақпарат құралдары және интернет желі арқылы дауларды (жанжалдарды) соттан тыс және сотқа дейінгі реттеудің мүмкіншілігі мен тиімділігі, сонымен бірге медиациялық процедурасын қолдану жөнінде құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

- Қазақстан халқы Ассамблеясының аймақтық бөлімшелерімен бірлесе отырып, кәсіптік және кәсіби емес медиаторлардың қатысуымен медиацияның рөлін өзекті қылу;

- партисипативті процедура тәртібінде даулардың реттелу басымдылығын насихаттауда және дауларды шешу кезде оның қолдану саласын кеңейту бойынша әсерлі іс-шараларды қабылдаудағы адвокаттардың рөлдерін күшейту;

- медиациялық келісім сандары, дауларды шешу практикасы және татуласу процедурасы институтын дамыту саласында өзара мүдделілік танытатын өзге де ақпараттар туралы деректермен шұғыл алмасу;

**4) сот ісін жүргізуде ақпараттық технологияларды, оның ішінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуді кеңінен қолдану:**

- сотқа талап арыздар, арыз-шағымдар, талаптарды электронды форматта [www.sud.kz](http://www.sud.kz) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Сот кабинеті» сервисі арқылы интернет-ресурсында беру туралы;

- Ақпараттық қызметтер көрсететін «Сот кабинеті» сервисінің мүмкіндіктерін белсенді пайдалану туралы;

- сот қызметтері туралы барлық қажетті анықтамалық ақпаратты жергілікті соттар интернет-ресурстардан (мысалы, соттың юрисдикциясы, аумақтық соттылығы, сот құжаттарына апостиль қою, істер қаралу кестелері, мемлекеттік баж, өкімшілік айыппұлдар және сот үкімі бойынша айыппұлдар төлеу үшін реквизиттар, сондай-ақ сотқа бару жол сызбасы, арыздар үлгілері, соттардың байланыс телефондары және т.б.) алу мүмкіндіктері туралы.

### **3 бап**

Тараптар бір бірімен осы Меморандумның орындалу мәселелері бойынша туындаған мәселелерді қарау және бірлесе әрекеттерін жүргізу үшін Тараптармен өкілетті болып жіберілген өкілдері арқылы өзара байланыса алады.

Меморандумның ережелерін қолдану бойынша келіспеушілік туындаған жағдайда Тараптар оларды келісім сөз жүргізу жолымен шеше алады.

#### 4 бап

Меморандумға Тараптардың өзара Келісімі бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізуге болады, өзгерістер мен толықтырулар осы Меморандумның ажырамайтын бөлігі болып табылатын дербес құжаттармен ресімделеді.

#### 5 бап

Осы Меморандум оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданылады.

Меморандум Ақтөбе қаласында «14» 07 2017 жылы мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалды.

Ақтөбе облыстық  
сотының төрағасы

М.Әкетай



Ақтөбе облыстық  
адвокаттар алқасының  
төралқа төрайымы

Р.Якубенко

